Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ҒИМАРАТТАР

АДМИНИСТРАТИВНЫЕ И БЫТОВЫЕ ЗДАНИЯ

ҚР ҚН 3.02-08-2013*
СН РК 3.02-08-2013*

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2018

ҚР ЕЖ 3.02-08-2013*
СН РК 3.02-08-2013*

АЛҒЫ СӨЗ

1	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
2	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3	**БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2018 жылғы 15 қарашадағы №235-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді

ПРЕДИСЛОВИЕ

1	**РАЗРАБОТАН:**	АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
2	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3	**УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 15 ноября 2018 года №235-НҚ

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....2
4 МАҚСАТЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ.....3
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты 3
4.2 Функционалдық талаптар 3
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 4
5.1 Жалпы ережелер 4
5.2 Ғимараттың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар.....5
5.3 Өрт кезіндегі ғимарат қауіпсіздігінің талаптары 6
5.4 Ғимараттарды пайдалану барысында адамдардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша талаптар.....8
5.4.1 Ғимаратты пайдалану барысындағы қауіпсіздік 8
5.4.2 Жер теліміне және аумаққа қойылатын талаптар.....8
5.4.3 Әкімшілік ғимараттар және үй-жайлар 9
5.4.4 Тұрмыстық ғимараттар мен үй-жайлар 10
5.5 Инженерлік жүйелер мен қондырғылар.....13
5.6 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділік 15
5.7 Қоршаған ортны қорғау 16
6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ 17
6.1 Энергия тұтынуды азайту бойынша талаптар 17
6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.....17

КІРІСПЕ

Осы құжат құрылыс саласын аймақтық және әлемдік әлеуметтік-экономикалық жүйеге біріктіруге бағытталған нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік база реформасы шегінде әзірленген.

Қазақстан Республикасының ҚР ҚН «Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар» осы құрылыс нормасы «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықтағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Осы ережелер жинағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативті дамыту мен нақтылауды нормалаудың халықаралық принциптеріне сәйкес әзірленді.

ҚР ҚН «Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарда»:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар бар.

Талаптарды әзірлеу кезінде бірқатар объектілерді жобалау, салу және пайдалану жөніндегі отандық және шетелдік нормативтік-әдістемелік материалдар зерттеліп, талданды.

Осы құрылыс нормасы Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде міндетті негізде қолдану үшін енгізіледі.

ҚР ҚН 3.02-08-2013*
СН РК 3.02-08-2013*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ҒИМАРАТТАР

АДМИНИСТРАТИВНЫЕ И БЫТОВЫЕ ЗДАНИЯ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары биіктігі 50 м дейінгі әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарды, кәсіпорын үй-жайларын жобалауға қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Әкімшілік мақсаттағы, оның ішінде, әсіресе ой еңбегіне арналған және тұрғын үйлерге кіріктірме, кіріктірме-жапсарлас қоғамдық ғимараттарды (мекемелер мен ұйымдарға арналған ғимараттар және үй-жайлар) жобалаған кезде қосымша Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын тиісті нормативтік-техникалық құжаттарды басшылыққа алу керек.

1.3 Осы нормалардың талаптары жаңадан тұрғызылатын, реконструкцияланаын, ұлғайтылатын, жаңартылатын әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарды жобалауға және салуға таратылады.

2 *НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін төменде көрсетілген келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал, объектілерінің тізбесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал, терроризмге қарсы объектілерді қорғау жүйесіне қойылатын талаптар.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидалары.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 1111 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттарда, бөлмелер мен құрылыстарда өрт кезінде адамдарды ақпараттандыру және эвакуациялауды басқару автоматтандырылған өрт белгілері мен автоматтандырылған өрт сөндіру жүйелерімен жабдықтау бойынша талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 3.02-01-2018 Көп пәтерлі тұрғын ғимараттар.

ҚР ҚН 3.02-17-2013 Моншалар және монша-сауықтыру кешендері.

ҚР ҚН 3.02-21-2011 Қоғамдық тамақтану объектілері.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚН 4.03-01-2011 Газ тарату жүйелері.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдалану кезінде жыл сайын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша жасалған және ай сайын шығарылатын ақпараттық бюллетень-журналына сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі» ақпараттық каталог бойынша сілтемелік құжаттардың қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме жасалған ереже, сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

*Осы құрылыс нормаларында тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)*:

3.1 **Кіріктірме, қосымша құрылыс**: Өндірістік ғимарат шектерінде оның барлық биіктігі мен ені (кіріктірме) бойынша орналасатын әкімшілік және тұрмыстық үй-жайларды орналастыруға арналған, биіктігі мен енінің (қосымша құрылыс) және өртке қарсы қоршаулармен бөлінген бөлігі инженерлік жабдықты орналастыру мүмкіндігі бар (жартылай) ғимарат бөлігі.

3.2 **Ингаляторий**: Ингаляциялық терапияны жүргізуге арналған арнайы жабдықталған үй-жай.

3.3 **Колл орталығы**: Өтініштерді өңдеу және дыбысты байланыс арналары бойынша хабарлаумен айналысатын мамандандырылған ұйым немесе ұйымның бөлімшесі.

3.4 **Мансард:** Мансард шатыры бар астыңғы қабатта пайда болатын шатыр түріндегі тұрғын үй-жай.

3.5 **Жартылай душ**: Өндірістік процестер кезінде жұмыс істейтіндердің ауысымы аралығында қолданылатын салқындауға арналған елеулі жылу бөлінетін құрылғы.

4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты

Осы құжаттың нормативтік талаптарының мақсаты адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, мүліктерді және қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, энергия үнемдеу, сондай-ақ еңбек процесі үшін жайлы жағдай жасау мақсатында әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарды барлық пайдалану кезеңінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

4.2 Функционалдық талаптар

4.2.1 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарда:

- басшылық және басқару құрамының толыққанды жұмысы;
- қызметкерлердің тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру, еңбек барысының кері салдарларын жою, зиянды өндірістік процестердің әсерінен болған кері әсерлерді жою бойынша профилактикалық шаралар өткізу;
- санитарлық-тұрмыстық, медициналық қызмет көрсету, барлық түрдегі кәсіпорындарды қоғамдық тамақтандыру үшін жағдай жасалуы тиіс.

4.2.2 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар, жалпы олардың негіздері мен көтергіш конструкциялары құрылыс жүргізу, реконструкциялау немесе жобалау мерзімінің ішінде ұшырауы мүмкін болжамдық жүктемелер мен ықпалдар байланысына төзімді болуы тиіс.

4.2.3 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар оны пайдалану барысында ғимаратта өрттің пайда болу қаупін болдырмау немесе азайту мүмкіндігімен қамамасыз етілетіндей жобалануы және салынуы тиіс, өрт туындаған жағдайда, жұмысшыларды, мүлік пен қоршаған ортаны өрттің қауіпті факторының әсерінен қорғалуы қамтамасыз етілуі және (немесе) осы факторлардың ықпалы шектелуі керек.

4.2.4 Ғимараттың көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімінде, көшіру жолдарының беттерін әрлеуде, сондай-ақ ішкі инженерлік қамтамасыз ету жүйелерінің элементтерінде өрттің және оның қауіпті факторының жану ошағынан таралу мүмкіндігі шектелуі тиіс.

4.2.5 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттардағы және оның элементтеріндегі конструкцияларда адамдарды, оның ішінде физикалық қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдарды қауіпсіз аймаққа көшіру, сондай-ақ оларды заманауи көшіру мүмкін болмаған жұмысшылар мен келушілерді құтқару кезінде отқа төзімділік дәрежесі сақталуы тиіс.

4.2.6 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар, олардың ішкі ортасы жұмыс істейтіндер мен келушілерге оған адамдар келген кезде физикалық, химиялық, биологиялық жол бергісіз әсерлер мен оның қызмет ету мерзімінің бойында және өзге де зиянды факторлар көрсетпеуі тиіс. Аумақ құрылысы адамдардың келуі үшін қоршаған ортаға әсерді ескере отырып, қолайлы жағдай жасауы тиіс.

4.2.7 Ғимараттар және оның элементтері, инженерлік қамтамасыз ету жүйелері қолайлы микроклиматпен қамтамасыз етілуі тиіс, оған температура, ылғалдылық және ауаның өту жылдамдығы, сондай-ақ қабырғалар ішкі беттерінің температурасына, қоршау

конструкциялардың жылуға төзімділігіне және еден беттерінің жылу сіңіргіштігіне қойылатын талаптарды орындау кіреді.

4.6.8 Ғимарат жайына атмосфералық ылғалдың ағуына, дымқылдың жиналуына, ал сумен жабдықтау жүйесі мен ішкі су құбыры жүйесіне – судың ағуы мен ластануына жол берілмеуі тиіс. Канализация жүйелері мен желілері сұйық ағындыларды сумен жабдықтау жүйесіне түсірмей, топырақ пен қоршаған ортаны ластамай кетіруді қамтамасыз етуі тиіс.

4.6.9 Ғимараттар жайындағы дыбыс оқшаулағышта, жасанды жарықтандыруда және табиғи инсоляцияда адамдардың келіп-кетуіне олардың денсаулығына зиян келтіру қаупіне жол бермейтін жағдайлар жасалуы тиіс.

4.6.10 Ғимарат оны пайдалану кезеңінде қоршаған ортаға кері ықпал тигізбеуі тиіс.

4.6.11 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттардағы, сондай-ақ оның аумағындағы адамдар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар жүретін жолдар жайлы және қауіпсіз болуы керек, онда баспалдақтардың, ойықтардың, еңіс пен сырғанақ беттердің болуы, биіктіктің және төмен орналасқан элементтердің әртүрлілігі, сондай-ақ көлік қозғалысы ескерілуі тиіс.

4.6.12 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар, олардың қоршау құрылыс конструкциялары, жылыту мен салқындату жүйесі, желдету және ауа баптау, сондай-ақ жарықтандыру энергия үнемдеу мен жылу сақтау режимінде жұмыс істеуі тиіс.

4.6.13 Әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарда табиғи ресурстарды тиімді пайдалану қамтамасыз етілуі, ғимаратты пайдаланудың есептік мерзіміне, құрылыс материалдары мен конструкцияларды қолдануға арналған өндірістік қалдықтар мен қайта қолданылатын материалдарды барынша көп пайдалануға, құрылыс конструкцияларын қайта пайдалануға және қирату кезінде құрылыс материалдарының өндірісі үшін құрылыс қалдықтарын ұқсатуға сәйкес құрылыс конструкцияларының, материалдар мен бұйымдардың жұмыс қабілеті сақталуы тиіс.

*4.2.14 Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды жобалау кезеңінде объектінің Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал, объектілері тізіміне жататынын анықтау және объектінің терроризмге қарсы қорғаудың тиісті жүйесін жасау үшін шаралар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес қабылдау қажет *(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)*.

5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Ғимараттың сәулет шешімін құрылыс ауданының қала құрылысын, ландшафтық, климаттық жағдайларын ескере отырып қабылдау керек. Ішкі көріністерді әрлеуді қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қарастыру керек.

5.1.2 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарды «Ғимараттар және құрылыстар, құрылыс материалдары мен бұйымдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық

регламентінің талаптарына, осы нормаға және жобалауға, салуға талаптар белгілейтін басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес салу керек.

5.1.3 Ғимараттарды жобалаған және салған кезде осы ғимараттардағы мүмкіндігі шектеулі топтар, жұмыс істеушілер немесе келушілер үшін ҚР ҚН 3.06-01 талаптарына сәйкес оның қолжетімділігі қамтамасыз етілуі тиіс.

5.1.4 Үй-жайлардың негізгі топтарын (келушілерге арналған, әкімшілік, қойма, қызметтік-тұрмыстық) олардың функционалдық мақсатына және өзара технологиялық байланысына сәйкес орналастыру керек.

5.1.5 Құрылыс-монтаждау ұйымдарының әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарын әдеттегідей мобильдік ғимараттарға орналастыру керек. Осы мақсат үшін салынып жатқан объектілердің және құлатуға жататын, оның ішінде тұрғын үй ғимараттарын қолдануға рұқсат етіледі.

5.1.6 Ғимараттың жалпы көлемін оның барлық қабаттарының (жер үсті, жертөлелік, техникалық, цокольдік және мансардтық) жалпы ауданы ретінде анықтау керек.

Жер үсті, жертөле, техникалық және цоколь қабаттарының ауданын еден деңгейінде сыртқы қабырғалардың ішкі беттерінің шегінде өлшеу керек.

5.1.7 Мансард қабатының ауданын еден деңгейінде сыртқы қабырғалардың ішкі беттерінің шектерінде өлшенетін мансард үй-жайларының қолданылатын және қолданылмайтын аудан қосындысы ретінде анықтау керек.

5.1.8 Тұрғын үйге кіріктірме және кіріктірме-жапсарлас кәсіпорындар үшін олардың салыстырмалы сыйымдылығы аз және барынша жай технологиялық процестерді бір жайда бірқатар функциялармен біріктіруге тән.

5.1.9 Адамдар легін ұйымдастыру әртүрлі үй-жайлар арасында ыңғайлы қатынасты қамтамасыз ету үшін қарбалас кезде (жұмыс ауысымының басында және жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін, сонымен қатар түскі үзіліс кезінде) адамдардың жаппай қозғалысын тәртіпке келтіру керек.

5.1.10 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарға жолаушылар, жүк лифтілерін қарастыруға болады.

5.1.11 Ғимараттағы лифтілер жүктерді қауіпсіз және жайлы жайғастыруы тиіс.

5.1.12 Ғимараттың қабат саны қалақұрылысы, технологиялық және өртке қарсы талаптармен анықталады.

5.1.13 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарда табиғи жарықтандыруды: тұрақты жұмыс орындары бар, оқу сабақтарына арналған, таңу және денсаулық орындарында науқастарды қабылдауға арналған үй-жайларда, сондай-ақ демалуға арналған үй-жайларда (өндірістік үй-жайларда табиғи жарықтандыру болмаған жағдайда) қарастыру және ҚР ҚН 2.04-01 талаптарына сәйкес жоспарлау керек.

5.2 Ғимараттың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.2.1 Белгіленген ережелерді сақтаған кезде ғимараттың көтергіш конструкциялары осы нормалардың талаптарына сәйкес жобалау тапсырмасында белгіленуі мүмкін болжамды қызмет ету мерзімі ішінде өз қасиеттерін сақтауы тиіс.

5.2.2 Құрама элементтер мен қабатты конструкциялардың жіктік қосылыстары температуралық-ылғалдылық деформациялар әсері мен негіздердің кедір-бұдыр отыруы кезінде және басқа пайдалану әсері кезінде туындайтын күшке есептелуі тиіс. Нығыздаушы және бекітуші материалдар жіктерінде пайдаланылатын материалдар кері температура мен ылғал әсері кезінде иілгіштігі мен адгезиялық қасиетін сақтауы, сондай-ақ ультракүлгін сәулеге орнықты болуы тиіс. Бекітуші материалдар олардың түйісу жерлерінде қорғаныс материалдарымен және конструкциялардың қорғаныс-декоративтік жабынымен үйлесімді болуы тиіс.

5.2.3 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттардың талап етілген төзімділігін қамтамасыз ету үшін оны жобалау кезінде келесілерді ескеру керек:

- арналуы бойынша пайдалану шарттары;
- қоршаған ортаның есептік ықпалы;
- қолданылған материалдардың қасиеттері, ортаның кері әсерлерінен оларды қорғаудың ықтимал құралдары, сонымен қатар олардың қасиеттерінің нашарлау мүмкіндігі.

5.2.4 Ғимараттар негіздері мен көтергіш конструкциялар оларды салу барысында және пайдаланудың есептік жағдайында мыналар болмайтындай мүмкіндікпен жобалануы және салынуы тиіс:

а) ғимаратты пайдалануды тоқтату қажеттігіне алып келетін конструкциялардың қирауы немесе бүлінуі;

б) жалпы деформация немесе жарықшақтардың пайда болуы салдарынан конструкцияларды немесе ғимараттарды пайдалану қасиеттерінің жол бергісіз төмендеуі.

5.2.5 Көтергіш конструкциялардың теңдей берік элементтерінің талабын сақтау керек, оның ішінде мерзімінен бұрын шығуы оның көтеру қабілеті сарқылғанға дейін құрылыстың бұзылуына алып келуі мүмкін әлсіз тораптар мен элементтерге жол берілмеуі тиіс.

5.2.6 Жер сілкінісі әсерлеріне, қайта өңдеуге, топырақтың шөгуіне және аязды қопсуын қосқанда басқа жылжуларына ұшыраған күрделі геологиялық шарттары бар аудандарға инженерлік коммуникацияларды енгізу әртүрлі инженерлік желілер бойынша нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес негіздің ықтимал деформациясының орнын толтыру қажеттілігін ескеру арқылы орындалуы тиіс.

5.3 Өрт кезіндегі ғимарат қауіпсіздігінің талаптары

5.3.1 Ғимараттарды функционалдық өрт қауіпсіздігінің кластары бойынша, үй-жайлар санатын жарылыс-өрт және өрт қаупі бойынша жіктеу, құрылыс конструкцияларының отқа төзімділік шегі «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес анықталады.

5.3.2 Ғимараттар арасындағы ең төмен арақашықтықтарды ҚР ҚН 3.01-01 талаптарына сәйкес қабылдау керек.

5.3.3 Өрт автомашиналары кіретін жолдарды өрт қауіпсіздігі жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес ғимараттан шығатын және кіретін жерлерде, өрт бөлімшелерін лифтіге алып баратын жерлерде қарастыру керек.

5.3.4 Адамдар көп жиналатын орындарда қолданылатын барлық материалдар отқа төзімді немесе арнайы өңделген болуы тиіс. Материалдар өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

5.3.5 Ғимараттың әрбір қабатында, оның ішінде жертөледе өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында эвакуациялық шығатын жерлерді қарастыру керек, олардың саны көшірудің есептік уақытын және шығатын жердің құрсаулану ықтималдығын ескере отырып анықталуы тиіс.

5.3.6 Адамдарды эвакуациялаудың негізгі жолдары үшін күнделікті пайдаланатын жолдарды, дәліздерді және вестибюлдерді қолдану керек. Эвакуациялаудың қосымша (арнайы) жолдарын негіздеме болған жағдайда қарастыруға жол беріледі.

5.3.7. Өтетін жолдардың, дәліздер мен көшіру жолындағы басқа да көлденең жер учаскелерінің ені көшетін жерлердің санына байланысты белгіленуі тиіс, ол ең аз ауысымның, оның ішінде жұмыс істейтін мүмкіндігі шектеулі адамдарды ең жоғарғы өткізу қабілетімен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.3.8. Баспалдақ торлары немесе сыртқа шығатын есіктер (дәретхана, қол жуғыш, темекі тартатын бөлмелерден басқа) арасында орналасқан алыс үй-жайлардың есігінен баспалдақ торына, сыртқа шығатын жақын арадағы есіктерге дейінгі дәліз бойынша арақашықтық өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келмеуі тиіс.

5.3.9. Көшіру баспалдақтары торының арасындағы жол берілген қашықтық асып кеткен кезде, кіріктірмелер мен қосымшаларға түтінделмеген баспалдақ торларын қарастыру керек.

5.3.10 Өндірістік ғимараттарда орналастырылған қосымша үй-жайлардың антресольдары мен алаңдарына, өндірістік үй-жайға ашық баспалдақтармен шығатын жер қарастыруға жол беріледі.

5.3.11 Отқа төзімділік дәрежесі, өрт бөлігі шектерінде ғимараттың рұқсат етілген биіктігін, көтергіш конструкциялардың отқа төзімділік шегіне қойылатын қосымша талаптарды өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қабылдау керек.

5.3.12 Автоматты өрт сөндіруді және өрт дабылдамасын (өрт кезіндегі хабарлау жүйесін қосқанда) "Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес қарастыру керек.

5.3.13 Өрт лифтілерінің құрылғысына, сонымен қатар лифтердің өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентімен анықталады.

5.3.14 Биік ғимараттардың өрт бөліктерінде өрт лифтілері болуы тиіс.

5.3.15 Дәліздер мен әртүрлі жолдар эвакуация жолында тарылмауы тиіс.

5.3.16 Төтенше жағдай кезінде ғимаратта тұрған адамдарды эвакуациялау үшін кемінде жұмыс орнынан шығатын бірнеше есік болуы тиіс. Эвакуациялау жолының есіктері бір есік отпен немесе түтінмен бұғатталып қалған жағдайда қызметкерлер екіншісінің көмегімен көшетіндей арақашықтықта орналасуы тиіс.

5.3.17 Барлық қосалқы есіктерде, бағыттарда сәйкесінше жасанды жарықтандыру болуы тиіс.

5.3.18 Механикалық желдетудің кез келген жүйесі өрт кезінде оттың және түтіннің басқа үй-жайларға құбыр жүйесі арқылы өтпеуіне кепілдік беретіндей етіп әзірленуі тиіс. Желдетудің жалғыз жүйесі әрбір эвакуация баспалдағында болуы тиіс.

5.4 Ғимараттарды пайдалану барысында адамдардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.4.1 Ғимаратты пайдалану барысындағы қауіпсіздік

5.4.1.1 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарды қызметкерлер ғимарат аумағының ішінде болған кезде, сондай-ақ оның элементтері мен инженерлік қондырғыларын пайдаланған кезде жарақат алу қаупін ескертетін шараларды ескере отырып жобалау, салу және жабдықтау қажет.

*5.4.1.2 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарды жобалау кезінде олардың терроризмге қарсы қорғау жүйесін Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес қарастырған жөн *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық).*

*5.4.1.3 Сейсмикалық аудандарда тұрғызылған әкімшілік және тұрғын үй ғимараттарының инженерлік жабдықтары мен аспаптары сенімді түрде бекітілуі керек *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық).*

5.4.1.4 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаттарында әкімшілік ғимараттарда сигналды күзет бөлмесіне немесе кезекші полиция пультіне беретін жедел шақыру батырмасын қарастыру керек.

5.4.1.5 Тұрмыстық үй-жайларда қауіпті объектілер болған жағдайда, барынша алыс жерге орнатылған белгілер немесе хабарламалар арқылы белгілеу керек.

5.4.1.6 Ғимарат элементтерінің конструктивтік шешімінде (оның ішінде бос жерлердің орналасуы, конструкция арқылы құбыр өтетін жерлерді бекіту әдісі, желдеткіш саңылауының құрылғысы, жылу оқшаулағышты орналастыру және т. б.) кеміргіштердің кіріп кетуінен қорғау қарастырылуы керек.

5.4.2 Жер теліміне және аумаққа қойылатын талаптар

5.4.2.1 Ғимаратты, құрылысты жобалау, сонымен қатар жер телімін аймақтау кезінде мынадай тармақтарды ескеру керек:

- жер телімі шекараларын сақтау;
- табиғи ресурстарды сақтау және қорғау, сондай-ақ инфрақұрылым, энергия және су шығындарын азайту;

- адамның өмірі мен денсаулығы үшін іргелес жатқан жер телімі иелерінің қауіпсіздік шараларын сақтау;
- жаяу жүргіншілер бағыттарын, велосипед және автомобиль жолдарын қауіпсіз орналастыруды қарастыру;
- бағыттары негізгі жолмен қосылатын, ғимаратқа апаратын жолдарды жасау;
- жер телімін көгалдандыру ағаштар жолдарды, жаяу жүргінші жолдарының бағыттарын жауып қалмайтындай етіп жасалуы тиіс;
- жарықтандыру аспаптарын орналастыруды өңдеу.

5.4.2.2 Ғимаратқа кіретін негізгі жолдарды негізгі кіретін есіктер жағынан орналастыру керек. Кіретін есіктер пластикалық және түсті шешімдермен, түспен және жарық арқылы көрсетілетін жарнамамен, әріп символдарымен және т. б. рәсімделуі тиіс.

5.4.2.3 Жер теліміне кіретін есікті объект туралы ақпарат элементтерімен жабдықтау керек. Жер телімі аумағына кіретін есіктерді жақсы жарықтандыр керек.

5.4.2.4 Жеке тұрған қуатталығы бойынша барынша ірі тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары кіретін тұрмыстық ғимараттар, қағида бойынша, алаңдарда, негізгі қала желілерінде орналастырылады және қала құрылысының сәулеттік-көркемдік келбетін қалыптастыруға мүмкіндік туғызуы тиіс.

5.4.2.5 Ғимараттың орналасуы басқа ғимараттарға қатынауға кедергі келтірмеуі тиіс.

5.4.2.6 Ғимарат аумағында немесе оған іргелес жатқан аумақта көлік қоятын тұрақ қарастырылуы қажет.

5.4.2.7 Жаяу жүргіншілер жолдарының бағыттары тұрақты ғимаратқа кіретін есікпен байланыстыруы тиіс. Жол жиектемелерін орнатуды қамтамасыз ету. Жаяу жүргіншілер жолдарын бояу және барлық бағдарлау белгілерін орнату керек.

5.4.3 Әкімшілік ғимараттар және үй-жайлар

5.4.3.1 Әкімшілік ғимараттар мемлекеттік, мемлекеттік емес, шаруашылық, өзге де ұйымдар мен мекемелерде жұмыс істеу үшін жайлы, қауіпсіз жағдай қалыптастыруы тиіс.

5.4.3.2 Әкімшілік ғимараттарды өндірістік және өзге мекемелермен бірге бір аймақта жобалау кезінде өткелдерге қоса басқа ғимараттарға жаяу жүргіншілердің қатынауын қамтамасыз ету керек.

5.4.3.3 Кәсіпорынның әкімшілік ғимараттарында басқару үй-жайлары мен конструкторлық бюро, ақпараттық-техникалық мақсаттағы үй-жайлар, еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі бөлмелері және сабақ оқуға арналған үй-жайлар орналастырылуы мүмкін.

5.4.3.4 Әкімшілік ғимараттарды жобалау кезінде үй-жайлардағы кез келген нүктеге электр техникалық коммуникацияларға қатынауды қалдыра отырып, үй-жай жоспарын өзгерту мүмкіндігін қарастыру керек.

5.4.3.5 Үй-жай қабаттарына компьютерлік қондырғыларды, асхана, жиналыс, мәжіліс залдарын және де басқа зал бөлмелерін қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес орналастыру керек.

5.4.3.6 Басшыларға, олардың орынбасарларына, сонымен қатар міндеттері құпия ақпаратқа байланысты мамандарға арналған жұмыс орындарын жеке үй-жайларда қарастыру керек.

5.4.3.7 Конференц-зал жұмыс отырыстарын, мәжілістерді, іскерлік кездесулерді, пресс-конференцияларды, бизнес-презентацияларды жүргізуге арналған орын ретінде жұмыс істеуі тиіс. Конференц-залда жабық режимде және ұлғайтылған құрамда (директорлар, акционерлер кеңесі, басшылар және топ-менеджерлер жиналысы, баспасөзбен әңгімелесу) шараларды жүргізу мүмкіндігі болуы тиіс.

5.4.3.8 Колл-орталықтарда ақпаратты өңдеу және таратуға байланысты көп мөлшерлі функцияларды орындау мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

5.4.3.9 Әкімшілік-тұрмыстық ғимараттарды орналастыру әрбір өндірістік объекті және жалпы кәсіпорынды кеңейтуге кедергі келтірмеуі тиіс.

5.4.3.10 Өндірістік объектерге қатысты әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар және олардың кешендері кіріктірме, жапсарлас немесе жеке тұрған болуы мүмкін.

5.4.3.11 Күнделікті қызмет көрсету үй-жайлары орналасқан жеке тұрған әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар жабық жылытылатын өткелдері бар жылытылатын өндірістік ғимараттарымен байланысы болуы тиіс. Жылы жұмсақ климатты аудандарда жылытылмайтын өткелдерді жасауға егер әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардың бірінде бірнеше бөлініп жайғастырылған өндірістік объектілерде жұмыс істейтіндерге қызмет көрсетілгенде рұқсат етіледі. Бұл жағдайда ғимараттың әрқайсысында жылы киімді сақтау орындарының бар болуы міндетті шарт болып табылады.

5.4.4 Тұрмыстық ғимараттар және үй-жайлар

5.4.4.1 Тұрмыстық кәсіпорын ғимараттарында жұмыс істейтіндерге қызмет көрсету үшін мынадай үй-жайлар орналастырылуы керек, атап айтқанда:

- санитарлық-гигиеналық;
- тұрмыстық;
- денсаулық сақтау;
- қоғамдық тамақтандыру.

Кір жуатын, химиялық тазалау, арзанқол материалдарды қалпына келтіру және арнайы киімді зарарсыздандыру үй-жайларының құрамы мен ауданы оны өңдеудің санитарлық талаптарын ескеру арқылы жобаның технологиялық бөлігіне орнатылуы тиіс.

5.4.4.2 Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының ғимарттарын жобалаған кезде үй-жайларды өзгерту және әртүрлі кәсіпорын түрлерін орналастыру мүмкіндігін, үй-жайды икемді жоспарлауды, сонымен қатар өзгермелі нарықтық конъюнктураны есепке алу арқылы кәсіпорындарды басқа тұрмыстық қызмет түрлеріне профилін өзгертуді қамтамасыз ететін көтергіш конструкциялардың үлкен қадамдарын және аралықтарын қарастыру керек.

5.4.4.3 Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар құрамына гардероб, душ, жуыну орны, санторaптар, темекі тарту орны, жартылай душтарды, ауыз сумен қамтамасыз ету құрылғыларын орнатуға арналған орындар, арнайы киімді жылытуға немесе салқындатуға, өңдеуге, сақтауға және беруге арналған үй-жайлар кіруі тиіс. Жобалау тапсырмасына сәйкес көрсетілгендерге қосымша басқа да санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар және жабдықтар көзделуі рұқсат етіледі.

5.4.4.4 Санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар құрамын өндірістік процестер тобын және олардың санитарлық сипаттамаларын есепке ала отырып анықтау керек.

5.4.4.5 Гардероб бөлмесіне үй және арнайы киімдерге арналған шкафтар немесе ілгектер бөлімшесінің санын қызметкерлердің тізімдік санына, көшеге киетін киімдер үшін – екі аралас ауысым санына тең қабылдау керек.

5.4.4.6 Гардероб бөлмесіне арнайы киім қоятын бөлмені, жинау құралдарын қоятын орын, аяқ киім тазалауға, қырынуға, шаш кептіруге арналған орын бар кезекші құрамға арналған үй-жайды қарастыру керек.

5.4.4.7 Арнайы киімді тазалағанда немесе зарарсыздандырғанда, әрбір ауысымнан кейін гардероб бөлмесімен бірге арнайы киімдерді тарату бөлмесі де қарастырылуы керек.

5.4.4.8 Душ, және душ алдындағы бөлменің қабырғалары және арақабырғалары, сонымен қатар жұмыс киімін кептіруге, зарарсыздандыруға, шаңнан тазартуға арналған үй-жайлар су өткізбейтін материалдармен қапталады, төбелер ылғалға төзімді бояулармен боялып, ал едендер ылғалға төзімді материалдардан жасалуы тиіс.

5.4.4.9 Көп қабатты тұрмыстық, әкімшілік және өндірістік ғимараттардағы санитарлық үй-жайлар әрбір қабатта болуы тиіс.

5.4.4.10 Санитарлық торапқа кіру өздігінен жабылатын есігі бар тамбур арқылы қарастырылуы тиіс.

5.4.4.11 Ведомстволық нормаларға сәйкес ерлер дәретханасында қабырғадан шайылатын жеке науаша писсуарды ауыстырып қолдануға жол беріледі.

5.4.4.12 Раковина және қол жууға арналған құрал санитарлық үй-жайларға іргелес жатқан бөлмелерде орналасуы тиіс.

5.4.4.13 Арнайы киімді, тұрақты тұратын орын шектерінен тыс құрылыс жұмысшылары уақытша тұрған жағдайда – ішкиім және төсек-орын киімдерін жуу тұрақты немесе қозғалмалы кір жуатын орындармен, жұмыс істеушілердің санына тәуелсіз лас және таза киімді орталықтандырылған жеткізумен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.4.4.14 Арнайы киімді, аяқ-киімді жөндеуге арналған үй-жайлардың құрамы мен ауданы, олардың қондырғылары жұмыс орындарының саны мен жұмыс көлемін ескере отырып белгіленеді.

5.4.4.15 Сауна құрылғысына қойылатын талаптарды ҚР ҚН 3.02-17 сәйкес қабылдау керек.

5.4.4.16 Кәсіпорынды жобалаған кезде денсаулық сақтау пункттерін, медициналық пункттерді, әйелдердің жеке тазалығы үй-жайын, булауға арналған (сауна) жайды қарастыру керек, сондай-ақ ингаляцияға, фотарийге, қол және аяқ ванналарына арналған жайларды, сондай-ақ жұмыс уақытында демалу және психологиялық жеңілдеу үшін жайларды қарастыруға жол беріледі.

5.4.4.17 Әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар құрамына ауруханалар, емханалар (жеке емханалар), профилактика-санаторийлер, жедел жәрдем станциялары және басқа да медико-санитарлық қызметтер, сондай-ақ спорттық-сауықтыру ғимараттары мен құрылыстар қарастырылады. Бұл жағдайда кәсіпорын топтарын бірлестіріп пайдалану, ал қалаға немесе елді мекендерге құрылыс салған кезде – халықты орналастыру мүмкіндігі ескерілуі тиіс.

5.4.4.18 Ингаляцияны шаңның немесе газ тітіркендіргіш әрекеттерді бөлуге байланысты өндірістік процестер кезінде жергілікті денсаулық сақтау органдарымен келісім бойынша қабылдау керек.

5.4.4.19 Тізімдік саны орташа объектілерге медициналық пункттерді, ірі – фельдшерлік немесе дәрігерлік денсаулық пункттерін, сондай-ақ сауықтыру кешендерін қарастыруға жол беріледі.

5.4.4.20 Медициналық пункттерді орналастырғанда, науқастардың, әлсіз жұмысшылардың кедергісіз және жылдам өтуін қамтамасыз етуді ескере отырып қарастыру керек.

5.4.4.21 Фотарийді жерасты жұмыстары кезінде, табиғи жарықтандырусыз үй-жайлардағы жұмыс кезінде немесе коэффициенті әлсіз табиғи жарықтандырудағы жұмыстар кезінде қарастыру керек.

5.4.4.22 Қол және аяқ ванналарын қол мен аяққа берілетін дірілге байланысты өндірістік процестерде қарастыру керек.

5.4.4.23 Жұмыс кезінде демалу орны мен жайды және психологиялық жеңілдену үй-жайын үй киімінің гардеробында және денсаулық пункттерінде орналастыру керек.

5.4.4.24 Демалу мен психологиялық жеңілдену үй-жайын негіздеу кезінде арнайы сергітетін сусындарды даярлауға және таратуға арналған құрылғылар, сондай-ақ дене шынықтыру мәдениетімен айналысуға арналған орындар қарастырылуы мүмкін.

5.4.4.25 Ғимарат ішіндегі немесе ғимараттан жақын арақашықтықтағы қызметкерлер үшін қоғамдық тамақтандыру орнының болуы талап етіледі.

5.4.4.26 Кәсіпорынды жобалау кезінде кәсіпорындарда жұмыс істейтіндердің барлығын жалпы, диеталық, ал жобалау тапсырмасына сәйкес – емдеу-профилактикалық тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін қоғамдық тамақтандыру үй-жайларын (объектілер) қарастыру керек.

5.4.4.27 Қоғамдық тамақтандыру объектілерін ҚР ҚН 3.02-21 және басқа қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес жобалау керек.

5.4.4.28 Тамақтану орындары, асхана және буфеттер тұрмыстық және әкімшілік үй-жайларынан бөлек орналасуы тиіс.

5.4.4.29 Тамақ қабылдауға арналған бөлме қарастыру рұқсат етіледі. Ол бөлмеге қол жуғышты, тұрақты су қайнатқышты, электр плитаны және тоңазытқышты орналастыру үшін жеткілікті аудан болуы тиіс.

5.4.4.30 Қабырғалар тез жуылуы тиіс. Қабырғалардың ішкі беттері және ас бөлмелердегі және азық-түлік бөлмелеріндегі бөлулер тегіс, ұзақ мерзімді, гигроскопиялық емес және тез жуылатын болуы тиіс.

5.4.4.31 Тұрғын үйлерге өздерінің сипаттамалары бойынша тұрғындардың тұру қолайлығын нашарлатпайтын, өртке қауіпті, сонымен қатар шуыл көздері, иістер және басқалары болып табылмайтын технологиялық процестерді және пайдалану шарттары қарапайым ұйымдастырылатын ҚР ҚН 3.02-01 қарастырылған ауқымдылығы шектеулі кәсіпорындарды орналастыру керек.

5.5 Инженерлік жүйелер мен қондырғылар

5.5.1 Мекеменің ғимараттары мен үй-жайлары үшін ҚР ҚН 4.01-01 талаптарына сәйкес сумен жабдықтауды, кәрізді, суағарларды өртке қарсы су құбырларын қарастыру керек.

5.5.2 Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарындағы судың сапасы ауыз суға берілген қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

5.5.3 Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын сумен жабдықтауға (қажеттілігіне қарай) суық және ыстық судың шаруашылық-ауыз су құбыры және өртке қарсы су құбыры жүйесі кіреді.

5.5.4 Шаруашылық-ауыз су құбырына ғимаратқа енгізу, су өлшеу торабы, таратқыш желі, санитарлық аспаптарға жеткізу, араластырғыштар, жабу және реттеу арматурасын кіргізу керек.

5.5.5 Тұрмыстық қызмет көрсетудің кіріктірме кәсіпорындарын сумен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында ғимараттың тұрғын үй бөлігі үшін және кәсіпорындар үшін су құбырын кіргізуді жеке жобалау керек.

5.5.6 Шаруашылық қажеттілікке және қоғамдық тамақтандыру қажеттілігіне ыстық суды тұтыну режиміне және көлеміне байланысты ыстық су құбырының орталықтандырылған жүйесін немесе жергілікті су жылытқыштарды қарастыру керек.

5.5.7 Өртке қарсы су құбыры жүйелерін жобалауды қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес орындау керек.

5.5.8 Берілген қысымды қамтамасыз ету үшін шаруашылық-ауыз су құбыр жүйесінде қысымды реттеуіштерді орнатуды қарастыру керек.

5.5.9 Ғимаратқа кіретін жерлердегі суық және ыстық сумен жабдықтау құбырларына және қоғамдық тамақтандыру үй-жайларға кіретін бүйірлеріне параметрлері қолданыстағы нормалардың талаптарына сәйкес келуі тиіс су есептеуіштерін орнату керек.

5.5.10 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттардың жеке үй-жайларына апаратын тармақ жолдарына жобалау тапсырмасына сәйкес су есептеуіштері орнатылады.

5.5.11 Тұрмыстық және өндірістік канализация желілерін бөлек жобалау керек. Бұл жағдайда қоғамдық тамақтандыру үй-жайының тұрмыстық мақсаттағы канализацияны әкімшілік және тұрмыстық ғимараттардың тұрмыстық канализация желілерімен біріктіруі мүмкін емес.

5.5.12 Ғимараттың тұрғын үй бөлігін жабдықтайтын магистралдарын және тіреушелерін таратушы суық және ыстық су құбырын тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорнының үй-жайлары арқылы жүргізуге жол берілмейді.

5.5.13 Ғимараттар мен үй-жайларды жылыту және желдету жүйелерін жобалау кезінде ҚР ҚН 4.02-01 талаптарын сақтау керек.

5.5.14 Тарту желдеткішінің бірыңғай жүйесімен конференция залдарын, киноаппараттық және аккумуляторлық үй-жайларды қоспағанда, әрқайсысы үшін тарту желдеткішінің дербес жүйелерін қарастыру қажет барлық үй-жайларды қамтамасыз етуге рұқсат етіледі.

5.5.15 Сонымен қатар сору желдеткішінің дербес жүйелерін келесілер үшін қарастыру керек:

- санторaптар мен темекі шегетін орында;
- жұмыс үй-жайлары, кабинеттер және т. б.;
- қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының үй-жайлары;
- өндірістік-техникалық мақсаттағы және қойма үй-жайлары.

5.5.16 Қоқыс салғышты орналастырған кезде оны жүйелі жуу, тазалау, дезинфекциялау және бағананы спринклерлеуге арналған құрылғымен жабдықтау керек.

5.5.17 Қоқыс салғыш бағанасы ауа өтпейтін және құрылыс конструкцияларынан дыбыспен оқшауланыу тиіс. Ол адамдар тұрақты келетін қызметтік үй-жайларға шектеспеуі керек.

5.5.18 Қоқыс жинағыш камераны адамдар тұрақты келетін немесе олармен аралас үй-жайлардың астына орналастыруға рұқсат етілмейді.

5.5.19 Қоқыс жинағыш камерадағы су құбыры желісінде спринклерлі суландырғыш орнатылуы тиіс.

Камерадан шығатын есік тікелей сыртында болуы тиіс. Шығатын есікте жанбайтын материалдардан жасалған күнқағарды қарастыру керек.

5.5.20 Ірі басқару мекемелерінде, ғылыми-зерттеу институттарында, жобалау және конструкторлық ұйымдарда, сонымен қатар жоғары санитарлық-гигиеналық талаптары бар мекеме ғимараттарында вакуумды шаң жинаудың орталықтандырылған немесе құрамдастырылған жүйесін қарастыру керек .

5.5.21 Мекеме ғимараттарында электр қондырғыларды, электр жарықтандыруды, қалалық телефон байланысының құрылғысын, интернет пен телевидение, өрт және күзет сигнализациясын, өрт туралы хабарландыру жүйесін, газдандыру, түтіндеу және су басу сигнализациясының құрылғысын, инженерлік қондырғыларды автоматтандыру мен диспетчерлендіру жүйесін, сондай-ақ электрмен жабдықтау және электр қондырғылары бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес кешенді электр әлсіз токты желілерді қарастыру керек.

5.5.22 Жобалау тапсырмасында белгіленген арнайы талаптарға сәйкес ғимарат кешендері, жеке ғимараттар немесе үй-жайлар жергілікті (ішкі) телефон байланысымен, жергілікті сымды хабар тарату және теледидар, интернетпен, дыбысты фиксация, сөйлеуді күшейту және синхронды аударумен, уақыт дабылдама қондырғыларымен жабдықталады.

5.5.23 Ғимараттың электр техникалық құрылғыларын Электр қондырғыларды орнату ережелеріне және басқа қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жобалау керек.

5.5.24 Ғимаратты найзағайдан қорғау теледидар антенналары және телефон желісінің немесе найзағайдан қорғайтын құрылғылар бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

5.5.25 Мекеме ғимаратының газбен жабдықтау жүйелерін ҚР ҚН 4.03-01 талаптарына сәйкес жобалау керек.

5.6 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділік

5.6.1 Ғимаратты жобалау және салу кезінде мүмкіндігі шектеулі қызметкерлер мен келушілер үшін ҚР ҚН 3.06-01 талаптарына сәйкес оларға қол жетімділік қамтамасыз етілуі тиіс.

5.6.2 Жаяу жүргіншілер өткелдеріндегі жол жиектеме пандустары жаяу жүргіншілерге арналған аймақ шектерінде түгел орналасуы тиіс және жүру жолағына шықпауы тиіс.

5.6.3 Жаяу жүргінші жолдарының, тротуарлардың және пандустардың жабыны тегіс, кедір-бұдырлы, саңылаусыз қозғалыс кезінде діріл тудырмайтын қатты материалдардан, сонымен қатар сырғанаудың алдын алатын, яғни аяқ киімнің табанының қатты жабысуын, қосымша жүру құралдарының және ылғал мен қар кезінде кресло-арбалардың дөңгелектерінің тірегін сақтайтын болуы тиіс.

5.6.4 Ғимаратты жобалау кезінде үй-жайға қолайлы қатынас және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың еркін қозғалуы үшін арнайы құрылғыларды және шараларды қарастыру керек. Мүмкіндігі шектеулі топтардың жылжу жолдарындағы үй-жайлардағы деңгейдің түсуін болдырмау керек.

Ғимаратқа кіретін жолдарда баспалдақтармен қатар пандустарды, арнайы есіктерді, тамбурларды және мүмкіндігі шектеулі топтар үшін басқа аспаптарды жобалау керек.

5.6.5 Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған жұмыс орындары бар кәсіпорындардағы барлық тұрмыстық ғимараттарда көлденең және тік жаяу жүргінші және көлік коммуникация жүйесін, сонымен қатар олардың жұмысшылардың осы контингентін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ететін жарықтандыруды қарастыру керек.

5.6.6 Үй-жайы бірінші қабаттан жоғары орналасқан қимыл-тірек аппараты және жүрек-қантамыры жүйесінің функциялары бұзылған адамдардың келуіне арналған ғимараттарда қабатқа тәуелсіз жолаушы лифтерін қарастырған дұрыс.

5.3.7 Кәсіпорын (мекеме) аумағын және оның жабдығын жобалау келесілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- мүмкіндігінше қозғалатын жаяу жүргіншілер жолдарының минималды ұзақтығын;
- аумақ бойынша қозғалу қауіпсіздігін;
- мүмкіндігі шектеулі топтардың қозғалу жолдарына кедергі тудыратын элементтердің болмауы.

5.6.8 Көру қабілеті нашар адамдарды жұмысқа орналастыру болжанатын ғимарат аумағын жобалау оны есте сақтау және кеңістікте бағдарлауға қолайлы болуы үшін өте қарапайым, жаяу жүргіншілер және көлік жолдары тік бұрыш схемасы бойынша жобалануы тиіс.

5.6.9 Аумақтарда қозғалу үшін кресло-арбаларды қолданылатын мүмкіндігі шектеулі топтардың, көру қабілеті нашар адамдардың жаяу жүргінші жолдарының жүк ағындарымен қиылысына жол берілмейді. Осындай қиылыстарға жер асты өткелдері қарастырылған ірі тұрмыстық кәсіпорындарда соңғыларын пандустармен және таяныштармен жабдықтаған дұрыс.

5.6.10 Мүмкіндігі шектеулі топтардың қозғалу жолдарындағы еңістер және жаяу жүргінші жолдарының габариттері, тротуарлар және пандустар, сонымен қатар өтетін жолдары бар осы жолдардың қиылыстары кресло-арбалардың қауіпсіз қозғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Жолдармен олардың қиылысатын орындарына іргелес жатқан жаяу жүргінші жолдары мен тротуарлары жер телімдерін жолдар мен тротуарлардың басқа жер телімдерінен ерекше жабынның фактуралық бетімен орындаған дұрыс.

5.6.11 Мүмкіндігі шектеулі топтың өкілі үшін арнайы жұмыс орнында, олар үшін жұмыс орындарын ұйымдастыру кезінде эргономикалық қағидаларды іске асыруды қамтамасыз ететін, нақты тұлғалардың жеке мүмкіндігі мен шектеулерін ескеретін негізгі және қосымша жабдық, техникалық және ұйымдастыру жарағы болуы тиіс. Мүмкіндігі шектеулі топ өкілдеріне әртүрлі мамандықтар үшін арнайы кешенді әзірленген жұмыс орындарын қолдану дұрыс.

5.6.12 Жұмыс орнын ұйымдастыру, жиһаздың, өндірістік жабдықтың барлық элементтерінің дизайні және конструкциясы антропометриялық, физиологиялық, психологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ келесілердің шектеулі мүмкіндіктерімен сәйкес келуі тиіс:

- қозғалу аппаратының анатомиялық-морфологиялық сипаттамалары;
- басқару органдарын, еңбек заттарын, құралды тану мүмкіндіктері;
- басқару әрекеттерін жүзеге асыру кезінде қозғалыстардың дәлдігі, жылдамдығы және амплитудасы;
- құралдарды, еңбек құралдарын қамту және жылжыту мүмкіндіктері (саусақтармен, білекпен, қолмен түгел, табанмен, соның ішінде протездерді және олардағы жұмыс қондырмаларын қолдану арқылы);
- басқару әрекеттерін жүзеге асыру кезінде дамитын күштердің шамалары.

5.7 Қоршаған ортаны қорғау

5.7.1 Ғимаратты, құрылысты және басқа объектілерді жобалау кезінде қоршаған ортаға рұқсат етілген антропогендік жүктеменің нормативтері ескерілуі, қоршаған ортаның ластануларының алдын алу және жою шаралары, сонымен қатар өндіріс қалдықтарын орналастыру, тұтыну тәсілдері қарастырылуы, қорды үнемдеу, аз қалдықты, қалдықсыз және басқа қоршаған ортаны қорғауға, табиғат ортасын қалпына келтіруге, тиімді қолдануға, табиғи қорларды өндіруге септігін тигізетін қолданыстағы ең жақсы технологиялар қолданылуы тиіс.

5.7.2 Қоршаған ортаға тікелей немесе жанама теріс әсер ететін әкімшілік және тұрмыстық ғимараттарды орналастыру, жобалау, салу, реконструкциялау, пайдалануға енгізу, пайдалану, сақтау және жою қоршаған ортаны қорғау аясындағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.7.3 Ғимараттар, құрылыстар оларды салу және пайдалану барысында қоршаған ортаға кері әсерлер қатер туғызбайтындай жобалануы тиіс.

5.7.4 Жобаны бекіткенге дейін және орындағы жер телімдерінің шекараларын белгілегенге дейін, сонымен қатар бекітілген жобалардың қоршаған ортаны қорғау

саласындағы қатер талаптарын өзгерткенге дейін ғимараттарды, құрылыстарды және басқа объектілерді салуға және реконструкциялауға жол берілмейді.

5.7.5 Ғимараттарды, құрылыстарды және басқа объектілерді пайдалануға енгізу жоба құжатымен қарастырылған қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды толық көлемде орындау шарты кезінде жүзеге асады.

5.7.6 Өндіріс және тұтыну қалдықтары, оның ішінде радиоактивті қалдықтар жинауға, қолдануға, зарарсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге жатады, олардың шарттары мен тәсілдері қоршаған орта үшін қауіпсіз болуы тиіс.

6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

6.1 Энергия тұтынуды азайту бойынша талаптар

6.1.1 Ғимараттың инженерлік жүйелерінде ауа температурасын автоматты немесе қолмен реттеу болуы тиіс. Ғимаратты жылыту жүйесі жұмыс істемеген кезінде талап етілген жылу ағынын кемітуге арналған аспаптармен жабдықталуы тиіс. Орталықтандырылған суық және ыстық сумен, электр энергиясымен, газбен және жылумен жабдықтаған кезде, ғимаратта әртүрлі ұйымдарға немесе меншік иелеріне тиісті бірнеше үй-жай топтары болған кезде осындай үй-жай тобының әрқайсысы энергия мен су шығынын есептеу аспабымен жабдықталуы тиіс.

6.1.2 Жобалау ғимараттың энергетикалық шығыны барлық пайдалану мерзімі ішінде оның тиімді жұмыс істеуі кезінде минималды деңгейде болатындай етіп ұйымдастырылуы тиіс.

6.1.3 Жарықтандыру қондырғылары жарық техникалық тұрғыда қанағаттандыруы тиіс. Келісімге келу керек және энергия шығынын қысқарту үшін жарықтандыру қондырғысының жарықтандыру сапасының талаптарын төмендетпеу керек.

6.1.4 Жарықтандыру жүйесін тиімді пайдалануды төбе биіктігі, терезе, үй-жай бетінің түсі және шағылыстыру қабілеті сияқты тиісті параметрлерді жасау арқылы орындалуы керек.

6.1.5 Үй-жайды жарықтандыру үшін энергияны үнемдеу шамдарын, бірақ нормаланған мән шектерінде қолдану керек.

6.1.6 Электр энергиясының шығынын азайту үшін энергия тиімділігі жоғары класқа жататын жабдықты қолдану керек.

6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану

6.2.1 Ғимарат пен құрылысты пайдалану барысында табиғи ресурстардың тиімсіз шығынын болдырмайтындай жобалануы тиіс.

6.2.2 Аумақтарды жобалаған кезде өсімдіктерді кесуге арналған аймақтарды мейлінше азайту керек.

6.2.3 Шрауашылық қажеттіліктер үшін қайталама, тазартылған суды пайдалану керек.

6.2.4 Өсімдіктерді жаңбыр суымен суарған кезде резервуар қарастыруға жол беріледі.

ӘОЖ 725.13 **МСЖ 91.040.99**

Түйінді сөздер: әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар, кіріктірме, қосымша құрылыс, қоршау конструкциялары, отқа төзімділік дәрежесі.

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ 1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ 1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ 2
4 ЦЕЛЬ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ 3
4.1 Цель нормативных требований 3
4.2 Функциональные требования 3
5 ТРЕБОВАНИЯ К РАБОЧИМ ХАРАКТЕРИСТИКАМ 5
5.1 Общие положения 5
5.2 Требования по обеспечению надежности и устойчивости зданий. 6
5.3 Требования безопасности зданий при пожарах 7
5.4 Требования по обеспечению охраны здоровья людей в процессе эксплуатации зданий 8
5.4.1 Безопасность в процессе эксплуатации здания 8
5.4.2 Требования к участку 9
5.4.3 Административные здания и помещения 9
